

Оңтүстік Қазақстан
Денсаулық Сақтау
Министірлігі



Оңтүстік Қазақстан
Медицина
Академиясы

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: *Мәдениет интеграциясы мен локализациясы.*

Орындаған: Сапарбекова Б
Тобы: В-ІКА-01-19
Қабылдаған: Нуржанбаева Ж.О

Шымкент 2020ж.

Жоспар

✓ Кіріспе

- *Мәдениет.*

✓ Негізгі бөлім:

- *Мәдениет интеграциясы.*

- *Мәдениет локализациясы.*


- *Негізгі өкілдердің мәдениет туралы тұжырымдамасы.*

- *О. Шпенглер, А. Тойнби, теориялары.*

- *Боас және мәдени эволюция сынау*

✓ Қорытынды:

✓ Пайдаланған әдебиеттер.



Кіріспе

Мәдениет.

«Мәдениет» сөзі – қазіргі заманғы қоғам танудың тек қана фундаменталды түсінігі ғана емес, ол күнделікті қолданыстағы тілдің, күнделікті тұрмыстың ажырамас бөлігі. Мәдениет туралы айтқанда ол тұрмысты реттейтін жағдайлардың барлығын қамтиды, адамзат тілінің тазалығы, көркемдігі, әдебі мен заңдылықтары сақталған қоғамға басшылық ету, театрлардың, мұражай мен кітапханалардың болуы, оған бару т.б.




Негізгі бөлім:

Мәдениет интеграциясы.



Ұлттық мәдениеттер мен құндылықтарды жақындастырудың, мәдени, коммуникациялық, өркениеттік байланыстарды нығайтудың жаһандық процесі, ғылым мен өнердің жетістіктері барысында Әлеуметтік және саяси қызметтің жаңа нысандары қазіргі әлемде тез таралып, игеріліп, оның тұтастығын қалыптастырады.



Мәдениет локализациясы



Стюарт Холл мәдениеттегі кеңістікті оның теориясының негізі және сонымен бірге жеке адамның позициясын оқшаулау деп санады.

Мәдениет мағынамен, оған әлеуметтік жағдайлар жиынтығымен және контекстпен берілген мәнмен басқарылатындықтан, ол әрдайым өзгерістерге ашық. Әлем бір нәрсені білдіруі керек, ал мағынасы әлеуметтік өндіріс, тәжірибе рөлін атқарады. Бірақ бүгінде практиканы символизация тұрғысынан түсінбестен ойлау мүмкін емес.

Стюарт Холл мен оның достары жасаған "мәдени зерттеулер" деп аталатын теориялық бағыт – бұл билікті зерттеуден бас тартпайтын символдық формалар мен мағыналарды зерттеу. Мәдениетті зерттеу практика ретінде де, теориялық пән ретінде де түсініледі. Бұл қоғамдық және мәдени өмірдің белсенді дамып келе жатқан салаларында жүзеге асырылатын жоба сияқты академиялық пән емес.

ОСВАЛЬД ШПЕНГЛЕР



Oswald Spengler

О.Шпенглер – “локальді мәдениеттер”
концепциясының авторы.

- НЕГІЗГІ ЕҢБЕГІ: “Еуропаның құлдырауы”.
- Еуропоцентризмге қарсы теория ұсынды.
- Еуропоцентризм-Еуропа мәдениеті, тарихы арқылы адамзат өмірін тұтастай бағамдаудағы басты өлшем.

ОСВАЛЬД ШПЕНГЛЕР

О.Шпенглер теориясы бойынша:

■ МӘДЕНИЕТ ⇌ ЦИВИЛИЗАЦИЯ

- Мәдениет - белгілі бір территорияда өмір сүретін ұлттың тілі, дәстүрі негізінде қалыптасады, яғни, локальді болады. Мәдениет-тірі организм.
- Ал өркениет – мәдениеттің соңы.


Освальд Шпенглер

- Ойшылдың ойынша тарихты зерделейтін болсақ, әрбір мәдениет шамамен 1200-1500 жыл өмір сүреді.

Мынадай кезеңдерді бастан кешеді:

- Балалық
- Бозбалалық
- Есею
- Кәрілік.

Освальд Шпенглер



- Мәдениет өзінің барлық мүмкіндіктерін тауысқанда, цивилизацияға айналады.
- Цивилизацияның белгілері:

Урбанизация, гигант-қалалар, ортақ ақша, халық орнына тобыр, діннің орнына өлі метафизика, шынайы әрекеттің орнына шоу, билікке деген құштарлық, сыртқа бағытталу.

АРНОЛЬД ТОЙБИ

А.Тойнби Шпенглер ойларын жалғастыра отырып, өзінің «локальді өркениеттер» концепциясын ұсынады.


- НЕГІЗГІ ЕҢБЕГІ: “Тарих зерттеулері”.
- Тойнби теориясында мәдениет және өркениет – синонимдес ұғымдар болып табылады.



АРНОЛЬД ТОЙНБИ

- Тойнби теориясында мәдениет - адамдардың қолымен жасалған құндылықтар жиынтығы, ол цивилизацияның құрамдас бөлігі.
- Тойнби концепциясында мәдениеттің шарықтау шыңға жетуі цивилизация деп аталады.

АРНОЛЬД ТОЙНБИ



Өзіне дейінгі зерттеушілермен салыстырғанда, Тойнби алғаш рет тарихты зерттей отырып, цивилизацияның келесі түрлерін ажыратады:

- Батыс христиандық
- Православиелік христиандық
- Исламдық
- Қиыр-шығыс
- Индуистік

АРНОЛЬД ТОЙНБИ

- Өзіне дейінгі еуроцентризмді сынаған ғалымдарға қарағанда, Тойнби цивилизацияны терістемей, керісінше жоғары бағалайды.
- Тойнбидің ойынша әлемдік тарихтың мұраты – біртектес әлемдік мәдениетті жасап шығару.
- Ол үшін бірлік қажет. Мысалы, барлығына ортақ дін.

АРНОЛЬД ТОЙНБИ

- Адамзат мәдениетінің тарихын зерделей отырып, Тойнби “Талап-Жауап” концепциясын ұсынады.
- Тарих дамуы – табиғатпен қойылған талаптарға берілген жауаптар тізімі.

Боас және мәдени эволюция сынау



Боас барлық қоғам атаулының өткені мен болашағына қатысты қолданылатын біртұтас мәдени - эволюциялық формуланы мойындамайтын, бірақ нақты мәдениет тұрғысынан алғанда эволюция идеясын да, оның кейбір салаларындағы, мысалы технология тұрғысындағы шектеулі прогресс тұжырымдамасын да жоққа шығарған емес. Сонау 1908 жылы-ақ ол: "Қатаң сынға алынғанына қарамастан, көптеген ежелгі теориялар біршама нанымды көрінеді, ал, оларға сәл басқаша тұрғыдан келіп, өркениеттің дамуына жекешілдік көзқарасты күшейтер болсақ, олардың қажет екендігіне көз жеткізуге болады",— деп жазды.

Боас және мәдени эволюция сынау

- Боас, әсіресе, мәдениеттің дамуы міндетті түрде қарапайымнан күрделі қарай бағыт алады деп тұжырымдады және осындай дамудың кейбір кезеңдерінен прогресті көретін тұжырымдамаға өршелене қарсы шықты. Эволюция прогресс өлшемі міндетін атқараалатын мәдени дамудың әмбебап сызбасын түзу әрекетіне қарсы қимыл ретінде ол нақтыбір аймақтардағы жекелеген мәдениет пен мәдени диффузияның (араласудың) белгілерін зерттеуге бой ұрды. Сөйтіп, оның көзқарасы бойынша, тарихтың өзі шектеулі мәнге ие, яғни ол бүкіл адамзатқа ортақ мәдениеттің емес, тек жекелеген қоғамға тән мәдениеттің ғана тарихы деген қорытынды шығады. Сонымен қатар, ол антропологияны да адамзат мәдениеті мен оның жекелеген кезеңдерінің эволюциясын зерттеу емес, өзіндік толыққанды бірлік болып табылатын жекелеген мәдениеттерді зерттеу деп таныды.

XX ғасыр- мәдениеттану ғылым ретінде



Қорытынды:

- *Ауқымды морфологиялық мағынада мәдени эволюцияның әмбебап кезеңдері— тарихи мәдениеттердің тарихқа дейінгі және алғашқы қауымдық жағдайдан неғұрлым дамыған жағдайларға өтуі туралы айтуға болады. Бірақ, бұл дамудың бірдей кезеңінде тұрған мәдениеттердің бәрінің белгілері мен институттары да бірдей болады деген сөземес. Егер принципті тұрғыдан алғанда, мәдени алуан түрлілік болуы мүмкін десек, бұл қағиданы мәдени дамудың барлық сатыларына да қолдануымыз керек. Біз өз таңдауымызды бір кезеңдегі мәдени белгілер мен институттарды толық шендестірумен де, мүлдем ұқсамайды деген тұжырыммен де шектемеуге тиіспіз. Қазіргі мәдениеттердің басты институттарынан өзара ұқсастықты да, ашақтықты да көре тұрып, оларды тарихқа дейінгі, алғашқы қауымдық мәдениеттерден де іздестіруіміз керек. Кеңістік пен уақытты және әлеуметтік факторларды ескерместен, мәдени дамудың бұл кезеңінде морфологиялық тұтастық болды деген пайымдаудың негізінде оған тон белгілер мен процестер субстанциялық тұрғыдан толық ұқсас болды деп қорытынды жасау да дұрыс болмас еді. Дамудың бұл кезеңіндегі мәдениет тарихының бірдей жолдан өтуі туралы гипотеза бізге негізсіз болып көрінеді және оны "эволюция адасу" деп атауға болады.*

Пайдаланған әдебиеттер.

- 1. Ғабитов Т. «Мәдениеттану» Алматы, 2002
- 2. Ғабитов Т. «Философия» Алматы, 2004
- 3. Кішібеков Д. «Философия» Алматы, 2005
- 4. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. «Философия» Алматы, 2011.
- 5. Құлсариева А. «Мәдениеттану негіздері» Алматы, 2002

Назарларыңызға рахмет!

